**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 1 ақпан N 150

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-19 қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Әкімшілік шығындар" 001 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 612976 мың теңге (алты жүз он екі миллион тоғыз жүз жетпіс алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы , Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" N 575 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" N 481 қаулысы , Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы "Штат саны лимиттерін бекіту туралы" N 39 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелерінің өздеріне жүктелген функцияларды барынша нәтижелі орындауына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің орталық аппаратын және аумақтық бөлімшелерін ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Әкімшілік шығындар | | | |
| | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларды орындау. Штат саны шегіндегі 135 бірлікті ұстау | 2002 жыл | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі |
| | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларды орындау. Штат саны шегіндегі 1370 бірлікті ұстау | 2002 жыл | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мен аумақтық органдарға жүктелген функцияларды сапалы және мерзімінде орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2002 жылға арналған "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" 030 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5000 мың теңге (бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы N 19 Заңының 11-бабы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" N 48 Заңының 10-бабы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алулар туралы" N 163 Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі " Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" N 482 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына үйлесімділік талаптарын ескере отырып, мемлекеттік, мемлекетаралық, салалық стандарттарды, техникалық шарттарды, құрылыс нормалары мен ережелер әзірлеу, өрт қауіпсіздігі саласында ғылыми-техникалық және нормативтік-құқықтық базаны дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өрттен қорғану жабдықтары мен техникаларын зерттеу, дайындау және енгізу, Қазақстан базарларына әкелінетін түтіндені қабілеті жылдам, улылығы жағынан өте қауіпті заттар мен материалдардың өрт қауіпсіздігіне сәйкестігіне сынау жүргізу, экологияға қауіп төндіретін объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде кешенді шаралар әзірлеу өрттерді зерттеу және олардың туындау себептеріне талдау жасау, өрттердің туындауы мен өршуіне мүмкіндік беретін өртқауіпті факторлардың объектілерге әсер ету деңгейін азайту жөнінде шаралар әзірлеу, өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың тыныс алу органдарын қорғау үшін өрт сөндіргіш заттар мен химиялық улы заттарды сіңіргіштердің сапасын анықтауға сынау жүргізу, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және дамыту, Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші

субъектілері үшін өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласында нұсқаулар, ережелер, стандарттар, нормалар әзірлеу арқылы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 030 | 000 | Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Өрттерге ғылыми-зерттеу жүргізу және олардың туындау себептеріне талдау жасау жөнінде қызметті сатып алу, өрттердің туындауы мен өршуіне мүмкіндік беретін өртқауіпті факторлардың объектілерге әсер ету деңгейін азайту жөнінде іс-шаралар әзірлеу, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және дамыту, өрт қауіпсіздігі стандарттарын әзірлеу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: "Объектілерді қорғауға арналған өрт техникалары. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету ", "Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар", "Қабылдау-бақылау және басқару аспаптары. Жалпы техникалық талаптар" стандарттарын әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау жөніндегі Комитетінің бекітуіне ұсыну.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы

N 150 қаулысына
3 қосымша
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру" 031 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 362176 мың теңге (үш жүз алпыс екі миллион жүз жетпіс алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы "Авариялық-құтқару қызметі мен құтқарушылардың мәртебесі туралы" N 87 Заңы , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" N 19 Заңының 19, 27, 28-баптары, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" N 48 Заңының 11-бабы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы "Азаматтық қорғаныс туралы" N 100 Заңының 19-бабы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" N 575 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" N 481 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" N 482 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" N 170 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы "Еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстеме төлеу үшін кәсіпқой авариялық-құтқару қызметтері мен құрамалары құтқарушыларының еңбек стажын есептеу ережесін бекіту туралы" N 1185 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы " Республикалық жедел-құтқару жасағы туралы" N 235 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қазандағы " Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің органдары мен ведомстволық ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдарының штат санын бекіту туралы" N 1006 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 6 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының штабының бағынысына 28237, 52859, 68303 әскери бөлімдерін беру туралы" N 264 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" N 400 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" N 1037 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" N 40 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар қаупі төнгенде және туындағанда халықты, шаруашылық объектілері мен аумақтарын қорғау, төтенше жағдайларға уақытында мән беру, төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды қабылдау және өңдеу, төтенше жағдайларды жоюға авариялық-құтқару күштері мен тұрақты дайындықтағы құралдарының ұдайы және үзіліссіз басқаруды қамтамасыз ету.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы 1355 қаулысымен .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар іс-қимылына жоғары дайындықты қамтамасыз ету, жедел мән беру, апат ауданына және алға қойылған әскери міндеттер орындалатын аудандарға авариялық-құтқару қызметтерін уақытында апару, іздестіру-құтқару және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жедел жүргізу, баруы қиын аудандарда, қауіптілігі жоғары объектілерде құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, табиғи зілзалалардың, авариялар мен апаттардың салдарынан зардап шеккендерге жедел көмек көрсету, радиомобильді, радиотелефон, транк, спутниктік байланыс түрлерінің құралдары арқылы төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды уақытында және жүйелі түрде қабылдап отыру, алынған ақпараттарды жедел өңдеу, авариялық-құтқару күштері мен құралдарын басқару пунктінде қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою саласында мемлекеттік басқару органдарымен үзіліссіз және тиімді байланысты қамтамасыз ету .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы 1355 қаулысымен .

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

----------------------------------------------------------------------

```
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама.  !      Бағдарламаны       !  Жүзеге   ! Жауапты
  !дар.!бағ.!лардың (кіші !  (кіші бағдарламаны)  !   асыру   ! орындаушы
  !лама!дар.!бағдарлама.  !      жүзеге асыру         !   мерзімі !
  !ның !лама!лардың) атауы! жөніндегі іс-шаралар  !           !
  !коды!ның !              !                          !           !
  !    !коды!              !                          !           !
---------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 !      4        !            5              !     6     !    7
---------------------------------------------------------------------
1                031              000              Төтенше
                                                   жағдайларды
                                                   жоюды
    ұйымдастыру
       030  Республикалық  Қазақстан Республикасы  жыл бойы  "Республика.
            жедел-құтқару  Төтенше жағдайлар                  лық жедел-
            жасағы         жөніндегі агенттігінің              құтқару
                           "Республикалық жедел-               жасағы"
                           құтқару жасағы"                     мемлекеттік
                           мемлекеттік мекемесін               мекемесі
                                    (штат саны - 56 бірлік)
            ұстау
2      032  Әскери         Әскери бөлімдерді ұстау             28237, 52859,
            бөлімдерді     (штат саны - 1202 бірлік)           68303 әскери
    ұстау                         бөлімдері
3      033  Аэромобильді   Мемлекеттік мекемелерді  Жыл бойы Мемлекеттік
            аймақтық       ұстау:                              мекемелер:
            жедел-құтқару  Орталық аймақтық жедел              Орталық
            жасақтары      құтқару жасағы (штат                аймақтық
                           саны - 40 бірлік),                  жедел құтқа.
                           Батыс аймақтық жедел                ру жасағы,
                           құтқару жасағы (штат                Батыс аймақ.
                           саны - 32 бірлік),                  тық жедел
                           Шығыс аймақтық жедел                құтқару
                           құтқару жасағы (штат                жасағы,
                           саны - 32 бірлік),                  Шығыс аймақ.
                           Солтүстік аймақтық жедел            тық жедел
                           құтқару жасағы (штат                құтқару
                           саны - 32 бірлік),                  жасағы,
                           Оңтүстік аймақтық жедел             Солтүстік
```

құтқару жасағы (штат саны - 32 бірлік) аймақтық жедел құтқару жасағы, Оңтүстік аймақтық жедел құтқару жасағы

4 < * >

5 035 Республикалық дағдарыс орталығы "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін (штат саны - 25 бірлік) ұстау 2002 жылы "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесі

--------------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы 1355 қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға республикалық жедел-құтқару жасағының, әскери бөлімдердің, аэромобильді аймақтық жедел-құтқару жасақтарының ұдайы дайындығын қамтамасыз ету табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттарды уақытында және сапалы өңдеу, төтенше жағдайларды жоюға күштер мен құралдардың тұрақты дайындығын ұдайы және үзіліссіз басқаруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
4 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2002 жылға арналған "Селқорғау объектілерін пайдалану" 032 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 212680 мың теңге (екі жүз он екі миллион алты жүз сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан

Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" N 482 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" N 481 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан Республикасында еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" N 170 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қазандағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің органдары мен ведомстволық ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдарының штат санын бекіту туралы" N 1006 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы сел тасқыны, қар көшкіні, опырылу, құлап түсудің алдын алу және олардың зардаптарын жою, сел құбылыстары мен жер сілкінісін болжау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: селден қорғау құрылғыларын ағымдағы жөндеуден өткізу, бақылау және хабарлау қызметтерінің қызметін қамтамасыз ету, аэрошолу жұмыстары, мұзарт көлдерді босату жөніндегі алдын алу жұмыстары, қар көшкіндерін алдын ала түсіру бойынша ату жұмыстары, жер сілкінісінің қысқа мерзімді болжамдарын қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми-болжау жұмыстары.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 032 | | Селденқорғау объектілерін | | | |

пайдалану және дамыту

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазселденқорғау | "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің 540 бірлік штат санын ұстау. Алты гидротехникалық құрылғыны ағымдағы жөндеуден өткізу, аэрошолу жұмыстары, мұзарт көлдерін босату жөніндегі алдын алу жұмыстары, жер сілкінісінің қысқа мерзімді болжамдарын қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми-болжау жұмыстары, қар көшкіндерін алдын ала түсіру бойынша ату жұмыстары | 2002 ж. | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі |

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: сел тасқынының және қар көшкінінің, құлап түсудің зардаптарын жою, сел құбылыстары мен жер сілкінісінің шығынын азайту, Алматы облысының Есік көліндегі селден қорғау кешенінің негізгі туннеліне, Ұзын-Қарғалы өзеніндегі селден қорғау бөгетіне, Есентай өзеніндегі су жинау каналына жөндеу жүргізілетін болады, тасқынды суларды ағызып жіберу, "Безымянный" көлін босату жөніндегі алдын алу жұмыстары, қар көшкіндерін түсіру, Медеу бөгетіндегі күтім жұмыстары, Үлкен Алматы каналындағы селжинағышты тазалау, ал Шығыс Қазақстан облысында - қар көшкіндерін түсіру, қар тоқтататын қалқандарды жөндеу және құру, Оңтүстік Қазақстан облысында - Бадам өзенінің солтүстік жағалауындағы тоспаны жөндеу, тасқынды суларды ағызып жіберу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
5 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2002 жылға арналған "Ақпараттық жүйелерді қамтамасыз ету" 501 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10678 мың теңге (он миллион алты жүз жетпіс сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" N 19-1 Заңының 16-бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алулар туралы" N 163 Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы "Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру туралы" N 1159 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" N 482 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: төтенше жағдайлар саласындағы есепті жүргізу, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің жалпы жүйелік құжаттары және жобалық шешімдерін әзірлеу, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің міндеттерін автоматтандырудың бағдарламалық құралдарымен және техникалық құжаттамаларымен қамтамасыз ету, міндеттерді шешуде бағдарламалық құралдарды пайдалану, табиғи апаттар, ірі авариялар мен апаттар жөніндегі республикалық мәліметтер жиынтығын жасау қызметін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі орталық аппаратының есептеу техникаларына, жергілікті есептеу жүйелерінің құралдарына техникалық жүйелі қызмет көрсету, төтенше жағдайлар жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің аумақтық, ведомстволық және объектілік звеноларын құру және дамыту жұмысын үйлестіру жұмыстары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жедел-техникалық қызмет көрсету, бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 501 | 000 | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйелерін қамтамасыз ету | Бағдарламалық қамтамасыз ету, оның ішінде 6 жаңа бағдарламалық жинақты шығару жөніндегі қызметке (жұмысқа) ақы төлеу, 28 бағдарламалық жинақты жетілдіру, 15 регламенттік бағдарламалық жинақты пайдалану, аталған төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық деректер жинағының 660 базасына әкімшілік ету, төтенше жағдайлар жөніндегі ақпараттарды қабылдау, жеткізу және талдау, 150 компьютер мен 140 принтерге техникалық жүйелі қызмет көрсету, корпоративтік (1 сервер) және жергілікті есептеу желілеріне (2 файл-сервер) әкімшілік ету жұмыстарына (қызмет көрсетулерге) ақы төлеу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Көкшетау техникалық институты мемлекеттік мекемесі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: ақпараттарды өңдеудің мерзімін қысқарту және оны жеткізіп берудің жеделдігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
6 қосымша
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Жоғары оқу орындарында кадрларды республикалық деңгейде даярлау" 009 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 110191 мың теңге (жүз он миллион жүз тоқсан бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" N 389 Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" N 575 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы "Көкшетау техникалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын қайта құру туралы" N 243 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" N 170 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес 17.01 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша білікті кадрлар даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 17.01 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша инженерлер даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама | Кіші бағдарлама | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|

!коды!ның !                !                    !         !
!    !коды!                !                    !         !

-----------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 !    4    !         5          !    6    !    7

-----------------------------------------------------------------------

1          009                         Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау

030 Көкшетау техникалық институты | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің штат саны 120 бірлік Көкшетау техникалық институты мемлекеттік мекемесін ұстау. Оқу-ағарту қызметін жүргізу, оқыту, әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметтерін қоса алғанда, ағарту қызметін жүзеге асыру, тыңдаушыларды азық-түлікпен, киім-кешекпен және стипендия төлеумен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Көкшетау техникалық институты мемлекеттік мекемесі

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: тыңдаушылардың орташа жылдық санын оқыту - 499, "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары білімді мамандар даярлау - 75.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
7 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2002 жылға арналған "Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау" 010 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 7549 мың теңге (жеті миллион бес жүз қырық тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" N 19 Заңының 11-бабы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алулар туралы" N 163 Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан Республикасында еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" N 170 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне бағынысты жекелеген ұйымдар туралы" N 482 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қазандағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің органдары мен ведомстволық ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдарының штат санын бекіту туралы" N 1006 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қ а р ж ы с ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында мамандар мен қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: еліміздің төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою, азаматтық қорғаныс салаларындағы қызметті жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдарының, басқа ұйымдар басшы құрамының, сондай-ақ мамандарының біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарына, республиканың басқа да ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

```
----------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама.  !       Бағдарламаны       !  Жүзеге  ! Жауапты
  !дар.!бағ.!лардың (кіші !  (кіші бағдарламаны)  !   асыру   ! орындаушы
  !лама!дар.!бағдарлама.  !        жүзеге асыру          !   мерзімі !
  !ның !лама!лардың) атауы!  жөніндегі іс-шаралар    !           !
  !коды!ның  !                !                              !           !
  !    !коды !                !                              !           !
```

----------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
----------------------------------------------------------------------
1 010 Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта дайындау
006 "Мемлекеттік мекемелер кадрларының біліктілік. терін арттыру және қайта даярлау" Аталған оқу бағдарламасы бойынша 2002 жылы 47 санат бойынша 1450 тыңдаушыны оқыту қызмет (жұмыс) оқыту бағдарламасы төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс жөнінде 62 тақырыпты қарастырады, оқыту курсы бір аптада 42 оқу сағатын құрайды. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөнінде көрсетіледі, жөніндегі агенттігі
----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласында 1450 тыңдаушының білімі мен дағдысының деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 1 ақпандағы N 150 қаулысына 8 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2002 жылға арналған "Арнайы мақсаттағы объектілерді салу" 033 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 43000 мың теңге (қырық үш миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 29-бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы , Қазақстан Республикасының

1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алулар туралы" N 163 Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 желтоқсандағы " Жобалық-сметалық құжаттамаларға қаржы бөлу туралы" N 6864-113 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Метеостанса-3" объектісін пайдалануға беру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Метеостанса-3" объектісін пайдалануға беру үшін құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 033 | 000 | Арнайы мақсаттағы объектілерді салу | "Метеостансаның" тереңде орналасқан N 2 үйін және 2002 объектісін, 4 қабатты ғимараттың қосымша корпусын реконструкциялау, телекоммуникация, байланыс және хабарлау жүйелері мен жұмыс жайларын жарақтандыру, тіршілік қамтамасыз ету жүйелерін монтаждау, жерүсті құрылғыларын: қазандық трансформаторлық кіші стансаларды, тұраққа және арнайы техникалар мен тасымалдау құралдарын | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі |

сақтауға арналған гараждарды, кірме жолдарды, ЖЖМ құю пункттерін, сумен жеке жабдықтау скважиналарын, сыртқы қоршауларды және күзет сигналдары жүйесін реконструкциялау, ағымдағы құрылыс жұмыстарын жүргізу, "Метеостанса-3" объектісінің құрылысына техникалық қадағалауды жүзеге асыру жұмыстарына ақы төлеу
--------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: "Метеостанса-3" объектісін пайдалануға беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 150 қаулысына
9 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Тікұшақтарды пайдалану" 034 республикалық бюджеттік бағдарламасының
## ПАСПОРТЫ

1. Құны: 72273,0 мың теңге (жетпіс екі миллион екі жүз жетпіс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 273 Заңы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" N 48 Заңының 6-бабы, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" N 19 Заңының 27-бабы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алулар туралы" N 163 Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" N 1715 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы "

Қорғаныс министрлігінің мүлкін беру туралы жекелеген мәселелер" N 863 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы "Қорғаныс министрлігінің мүлкін беру туралы жекелеген мәселелер" N 45 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда халыққа жедел көмек көрсету.

